

А. О. Шакенов,
криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының
бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АЗАПТАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Мемлекеттегі соғыс жағдайы не оның қауіпі, тұрақсыз ішкі саясат немесе басқа да төтенше жағдайлар тәрізді ерекше көріністер азаптауға ақтаушы негіз бола алмайды. Азаптау — ең қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекет болып табылады. Бұл жайлы БҰҰ Бас Ассамблеясының Декларациясында аталып өтіп, азаптау ретінде қасақана адамға қатты ауыртулар келтіруге бағытталған әрекет немесе тән зардабын не психикалық зардап шектіруі танылған.

2015 жылы қолданысқа енген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 146-бабына сәйкес, азаптауға тергеушінің, анықтауды жүзеге асыратын адамның немесе өзге де лауазымды адамның не олардың айдап салуымен не олар біле тұрып немесе олардың үнсіз келісімімен басқа адамның азапталушыдан немесе басқа адамнан мәліметтер алу немесе мойындату не ол немесе басқа адам жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу мақсатымен немесе кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіруі жатады.

Қылмыстың қоғамға қауіптілігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабында көрсетілген «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» деген кепілдіктерді елемей, адамның қадір-қасиетіне қол сұғумен байқалады.

Талдаудағы іс-әрекеттің объектісі болып жоғарыда көрсетілген конституциялық құқықты іске асыруды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар табылады. Жәбірленуші ұрып-соғылып немесе психикалық зардап шегуге душар болғандықтан, мұнда қылмыстың тағы бір объектісі ретінде адам денсаулығы жүреді.

Объективтік жағы ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шектірумен көрінеді. Азаптау әртүрлі мінез-құлықпен байқалады: тәнді көп қайтара және ауыртуға бағытталған әрекет (мысалы, инемен шаншу, бүйрек, мойын тұсынан, екі аяқ арасынан ұру, қолды бұрау, денеге ыстық үтік басу, сулы қапшық, газқағар қолдана отырып тұншықтыру және т. б.).

Осы бапта көрсетілген ескертуге сәйкес, лауазымды адамдардың заңды әрекеттері нәтижесінде келтірілген тән зардабы мен психикалық зардап азаптау деп танылмайды. Мысалы, қылмыс жасаған адамға қатысты күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылып, кейіннен бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау оған психикалық және тән зардабын келтіруі мүмкін, алайда лауазымды тұлғаларды мұндай әрекеттері азаптау болып саналмайды.

Құрылымы бойынша қылмыс құрамы формалды. Заңда көрсетілген әрекет немесе әрекетсіздік орын алған мезеттен бастап қылмыс аяқталған болып есептеледі. Қылмыстың субъективтік жағы ниетпен сипатталады, яғни кінәлі өзінің қоғамға қауіпті әрекетінің нәтижесінде (ылғи ұрып-соғу немесе күш қолдану) денсаулыққа зиян келетінін ұғынады, қоғамға қауіпті зардаптың болатынын немесе болуы мүмкін екенін алдын ала біледі, соны тілейді (тікелей ниет) немесе қоғамға қауіпті зардаптың болатынын алдын ала біледі, соны тілемейді, бірақ та оның болуын қалайды немесе оларға немқұрайлы қарайды (жанама ниет).

Талдаудағы бапта көрсетілген қылмыс түрін жасаудың кеңінен тараған мақсаттары:

- а) азапталушы немесе үшінші адамнан мәлімет алу;
- б) қандай да бір әрекет жасауды мойындату;
- в) азапталушы немесе үшінші адам жасаған әрекет үшін жазалау;

г) азапталушы немесе үшінші адамды нақты бір әрекеттерді жасағандығын мойындауға мәжбүрлеу;

д) азапталушы немесе үшінші адамды бір нәрсемен қорқыту.

Қылмыстарды тергеу қызметінің теориялық және практикалық мазмұнын осы қылмыс туралы ақпарат және оны тергеу әдістемесі жайлы ілім құрайды. Бірыңғай жүйеде ұсынылған криминалистикалық сипаттама элементтері аталған қылмыс түрлерін ашуға, тергеуге және оларды алдын алуға себепші болып, криминалистикалық әдістеменің ғылыми негізін құрайды¹. Осылайша, басқа да топтас, құрамдас қылмыс түрлерін талдай келе, азаптаудың криминалистикалық сипаттамасына енетін типтік элементтерді төмендегідей ажыратуға болады:

- қылмыс механизмі;
- лауазымдық өкілеттер;
- қылмыскердің жеке басының мінездемесі;
- жәбірленушінің жеке басының мінездемесі;
- қылмыстың жасалу жағдайы;
- қылмыстың мақсаттық ұстанымы;
- күш қолдану арқылы қылмысты жасау тәсілі;
- қылмыс құралы;
- қылмысты жасау кезінде лауазымдық іс-әрекеттерді құжаттау;
- қылмыстан келген зардап;
- тергеуге қарсылық көрсету.

Ойда қалар бір жайт, қарастырылып отырған қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасының элементтері өзінің біртұтастылығымен және өзара қарым-қатынаста болуымен байқалады. Қылмыстық құқықта қылмыс жасалған жер ретінде қылмыстық-құқықтық норма диспозициясында көрсетілген аумақ бөлігі, яғни қылмыс аяталып, қылмыстық әрекет немесе әрекетсіздік орын алған жер жүреді. Алайда, криминалистикалық сипаттама қылмысты ашу, тергеу және алдын алуда маңызы бар ауқымды түсінік болып табылады. Нақты элементтердің жиынтығы ретіндегі азаптаудың криминалистикалық сипаттамасы осы қылмысты ашу, тергеу және алдын алу әдістемесін құруға өз септігін тигізетіні сөзсіз. Қылмыскер өз кінәсін мойындап, оны растайтын куә болса да, кейде болжамдар мен гипотезалар құруға негіз болатын қылмыстың көпшілікке беймәлім тұстары да анықталып жатады. Мұндай көріністер құқық қорғау органдары қызметкерлері жасаған зорлық-зомбылықты тергеуде өзекті болып табылады. Оның себебі қылмысты жасыру жай іс-қимыл ғана емес, ол құқық қорғау органдарының тергеу және жедел іздестіру бөлісіндерінде қолданылатын құқықтық, оперативтік және техникалық амалдардан тұратын тергеу қарсылық білдірумен байқалады. Профессор Р. С. Белкиннің айтуынша, себептіліктің криминалистикалық теориясының объектісі болып қылмыс механизмі және оны анықтау үрдісінің мазмұнды жағы табыладыⁱⁱ. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасындағы белгісіз элементтерді анықтау, ол қылмысты тергеу әдістемесі. Алайда, ескеретін бір жайт жасалған қылмыстарды ашу және тергеу үрдісінде оларды жекешелендіретін ерекшеліктері болғандықтан бірыңғай үлгімен тергеу мүмкін емес.

Криминалистикалық сипаттаманың шамамен барлық элементтері орын алған тәжірибеден мысалды қарастырып өтсек:

а) кезекші бөлімнің қызметкері қылмыс жасау үшін өзінің лауазымдық өкілеттілігін пайдаланған, яғни қарақшылықты тергеу барысында азаматты мойындату үшін күш қолдануды мақсат еткен;

ә) қылмыс механизмі мен тәсілінің қысқа мерзімді және кәдімгі сипаты болды: жәбірленуші кезекші бөлімге жеткізіліп, соққыға жығылды;

б) жағдай қылмыскермен ойластырған іс-қимыл жоспарын толығымен іске асыруға мүмкіндік берді, оның себебі қоршаған орта және ІІБ қызметкерлері қылмысты ашудың мұндай тәсілін жоққа шығармауы мүмкін;

в) адам жеке басын анықтау үшін кезекші бөлімге жеткізілген;

г) жәбірленуші ішімдікке құмар болып, әрдайым үйден кетіп отырған, сол себептен өз мінез-құлқымен құқық қорғау қызметкерлерімен әкімшілік қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін берген;

ғ) денеге жарақат келтіру түріндегі қылмыс зардабы қылмыскердің іс-қимылдарымен тікелей себептік байланыста;

д) тергеу барысында жәбірленушіге қысым жасау арқылы тергеуге қарсылық көрсетілді.

Осылайша, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттерінің, оның ішінде азаптаудың криминалистикалық сипаттамасы осы қылмыс тобының криминалистикалық мағынасы бар белгілерді суреттеу жүйесін құрайды. Мұндай белгілер криминалистикалық сипаттама элементтерінің арасындағы байланыспен, қылмыс жасаудағы мақсаттылықты қалыптастыруда, жасаған әрекеттерін құжаттаумен, лауазымдық өкілеттілікті іске асыру кезінде күш қолдану тәсілі, механизмі және жағдайымен, қару қолдану, сондай-ақ келешекте тергеуге қарсылық көрсету арқылы байқалады. Осылар қылмыскердің жеке басы туралы және құқық қорғау органдары саласындағы нақты қылмыстық қызметтің басқа да мән-жайына қатысты түсінік тудырып, қылмысты ашу, тергеу және алдын алу міндеттерін ұтымды шешуде өз септігін тигізетіні сөзсіз.

ⁱ Қайыржанов Е. І., Шакенов А. О. Жекелеген қылмыс түрлерін тергеу ерекшеліктері: Оқу құралы. — Алматы, 2007.

ⁱⁱ Белкин Р. С. Курс криминалистики. 3-е изд. — М., 2001.